

ӘОЖ 81-13

ҚАЗАҚ ТІЛІ КУРСЫНДА БІЗ ҚОЛДАНЫП ЖҮРГЕН КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛЕР

ӘДІЛОВ М.Е.

PhD доктор, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығы, Алматы/Қазақстан
e-mail: marlenadilov88@gmail.com

Аңдатпа. Соңғы жылдары қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп, оны үйренушілердің саны күрт артуда. Тілді үйренушілер санының артуы курстардың да көбеюіне әрі сапасының артуына әкеліп отыр. Жаңа технологиялардың дамуы, тіл үйренушілердің талғампаз болуы, уақытты тиімді пайдалануға тырысулары, олардың жазудан гөрі көбіне қызықты сабақтарды іздеуі, тағы басқа себептерден бізге де тіл курстарын жүргізуде жауапкершілік артылды. Бұл дегеніміз бұрынғы классикалық әдістермен бірге, заманға сай жаңа әдістемелер тудыру, тіл оқытуда өзгерістер әкелу қажеттігі туып отыр дегенді білдіреді. Бұл мақалада біз қазақ тілін оқытудағы кішігірім тәжірибелеріміз жөнінде қысқаша сөз еттік. Сонымен қатар, тілді жеке үйренушілерге оқытқандағы кейбір әдістерімізбен бөлістік. Сабағымызда теориядан гөрі көбіне практикаға мән беретін едік, сол себепті практикалық сабақтарымыздың үлгілерін де көрсеттік.

Кілт сөздер: қазақ тілі, тіл оқыту, жаңа әдістемелер, практикалық жұмыс, мәтін, жаттығулар.

Кіріспе. Қазақ тілін оқыту бағдарламалары мен жобаларының көбінде бірізділік байқалатыны белгілі. Оқулықтардың кейбірі ескі жүйе негізінде жасалып, тіл үйренушілерді қазақ тілін оқуға қызықтыратындай дәрежеде емес десек артық кетпеспіз. Қазақ тілін оқытуға арналған кей ескі оқулықтарды ашып көрсеңіз, оқуға деген қызығушылығыңыз артпақ түгіл, төмендеп кетуі мүмкін. Оны біз Түркиядағы тіл оқыту жүйесін көргеннен салыстырмалы түрде айтып тұрмыз. Мысалы, шетелде тіл оқыту ең жаңа технологиялармен әрі үйретіліп жатқан тілде оқытылады, яғни тіл оқытуда аударма жүйесі қолданылмайды. Лексика – суреттер, мимика, нақты объектілер және тағы басқа көрнекі құралдан негізінде түсіндіріледі. Грамматика – жобалау әдісі бойынша оқытылады. Мұны әлемде «Direct method» деп атайды. Расында, шетелдіктерге тіл үйретудің ең тиімді жолы – тіл үйренушінің үйреніп жатқан тілінде үйрету. Біз де бұл бастаманы дұрыс деп қабылдап, сол әдістемелердің кейбірін қолданып жүрміз. Сонымен қатар, Түркия түрік тілін әлем тілдері қатарына қосу үшін аянбай тер төгуде, тіл оқыту жүйесіне ерекше ден қойып, қаржылық қолдауларын барынша

көрсетуде. Сол себепті түрік тілін оқытудағы ең мықты оқытушылар мен институттардың (Yunus Emre Enstitüsü, TÖMER, т.б.) жобалары негізінде бағдарламалар жаңартылуда. Мемлекеттің тікелей қолдауымен тіл оқыту институттары жыл сайын оқулықтарын жаңартып, тіл үйренушілерге қызық методикаларын ұсынууда.

Біздің кей оқулықтар ашпай жатып, кері шегіндіреді, кітап атауының өзі тіл үйренушіні тартпайды. «Қазақ тілі», «Практикалық қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі» деген ескі атаулар соның айғағы. Бірақ қазіргі күні «Қазақша сөйлесейік», «Қазақша сөйлесеміз», «Қазақша тіл сындыру», «Анашым, менімен қазақша сөйлесші», «Қазақ тілі оп-оңай», «Soyletube», «SOYLE.kz» деген сияқты атаулар қойып жатқанын көріп жүрміз. Автор Әсел Сапақованың «Мама, қазақша сөйлеші!» деген тақырыбы ерекше қойылған кітабының жаппай сатылып, оқылып жатқанын байқадық. Осындай ерекше атау қойып, тіл оқытуда жаңаша методикалар ұсынсақ, кітабымыз сатылмай қалмасы анық. Сонымен, біріншіден, курсқа немесе пәнге әдемі тақырып қойып, оқырманды қызықтыру керек. Екіншіден, жоғарыда айтылған қатып қалған бағдарламалардың шеңбер шегінен шығып, тіл үйренушілердің қызығушылығын туғызатындай жаңа әрі еркін әдістемелерді енгізу қажет, қазіргі заман талабына сай креативті әдістерді қолдану керек.

Тіл үйретудің жаңа әдістемелерін енгізу үшін, ең алдымен, шетелдің тіл оқыту әдістерін зерттеп зерделеу керекпіз. Мәселен, америкалық А.Д. Ногге атты журналист, тіл маманы *Effortless English* «Ағылшын тілі – қиындықсыз» деп аталатын жобасы негізінде тілді оқытудың жеңіл әрі қызық әдісін енгізді. *Effortless English* – қатып қалған ережелерді жаттамай-ақ, ағылшын тілін игерудің керемет әдісі. Сабақтың негізін қызықты әңгімелерден құралған мәтіндер әрі сол мәтіннің аудиосы құрайды. Деңгейлерге негізделген топиктерді оқу әрі тыңдау арқылы сөйлеу тілі меңгеріледі. Біз де осы жүйе негізінде жеке үйренушілерге кәсіби немесе салалық қазақ тілі курсын жүргізіп жүрміз.

Біздің әдістемеміз грамматика мен лексикалық бірліктерді жаттауға көп уақыт пен күш жұмсағысы келмейтіндерге немесе оған уақыты, мүмкіндігі келмей жүрген тұлғаларға арналған. Сондай-ақ, қазақ тілін салалық деңгейде, кәсіби бағытта меңгергісі келгендерге бағытталған. Біздің әдіс лексикалық қорды (сөздер мен фразаларды) жинақтау ғана емес, сонымен қатар сөйлемдерді оңай және саналы түрде құру қабілетін қалыптастыруға жұмсалған. Сала бойынша мәтіндерді оқып, тыңдап кейін оларды тәжірибеде қолдануға негізделген. Әдістеме тыңдалымға, мәтінді дауыстап оқуға және сөйлемді интонациялық түрде дұрыс айтуға назар аударады. Тіл үйренуші мәтіндегі сөздер, сөз тіркестері және

сөйлемдерді есте сақтап, оларды диалогтарда пайдалануға мүмкіндік алады. Қазақша сөйлесу дағдыларында сенімділік пайда болады.

Бұл жүйеде қиын грамматикалық ережелер үйретілмейді, іш пыстырарлық сөздер тізімі жатталынбайды. Тіл үйренушінің мақсаты материалды өз тіліне аударусыз үнемі және автоматты түрде түсіну. «Direct method» әдісіне негізделген бұл бағдарлама индукциялық әдіспен қарапайымнан күрделіге дейін оқытылады. Сонымен бұл оқыту жүйесі ауызекі тілді меңгеруге, сөздік қорын толықтыруға және грамматикалық құрылымдар мен шаблондарды автоматизмге жеткізуге мүмкіндік береді.

Неге бұл әдіс?

Бұл әдіске көшпестен бұрын қазақ тілін оқытуға байланысты 50-ге жуық кітап, оқулық, әдістемелік құрал қаралды. Материалдардың барлығы бірдей: «Менің отбасым, жұмысым, үйім, саябақта, базарда», т.б. сияқты тұрмыстық тақырыптарға негізделгені байқалды. Біз жеке үйренушінің уақыт тығыздығы, жұмысының көп болуы, лауазымдық қызмет атқаруы тағы басқа жағдайларын есепке ала отырып, базарда, саябақта, отбасым, т.б. сынды тақырыптар бойынша оқытпаймыз. Тұрмыстық қазақ тілін қайта-қайта оқыта бермей, белгілі бір сала өкілдеріне арнап кәсіби бағыттағы қазақ тілі курсы жүргіземіз. Оның өзі интенсивті оқыту түрінде жүргізіледі. Яғни тіл үйренушілерден студенттерге айтатындай жұмысы, отбасы, өзі туралы сұрамаймыз. Немесе «қаншадасыз? қандай түс ұнатасыз?» деген сияқты сұрақтар қоймаймыз.

Негізгі бөлім. Тіл оқытуда қазақ тілін негізгі грамматикасын ұғындырып, ең жиі қолданылатын лексикалық бірліктерді меңгерту үшін біз қосымша бірнеше тиімді әдісті пайдаланып жүрміз. Ең біріншісі – грамматиканы жаттығулар арқылы меңгерту. Сабағымызда тілдегі ең негізгі деген грамматика ғана оқытылады (төл дыбыстар, септіктер, тәуелдеу, септеу, шақтар, т.б.). Оның өзі қиын ережелермен үйретілмейді. Грамматика арнайы дайындалған қарапайым кестемен көрсетіледі. Ол арнайы дайындалған жаттығулар арқылы меңгертіледі. Қарапайым ережелер мен жаттығуларды біз көбіне Т. Валяеваның «Грамматика казахского языка. Просто о сложном» деген кітабынан және http://kaz-tili.kz/su_rod1.htm сайтынан аламыз.

Мысалы, ілік септігі сабағы төмендегі кестелерді толтыру негізінде меңгеріледі:

I қарапайым жаттығулар

№1 Сөздерге ілік септігі жалғауын жалғаңыз (дын/дің, тын/тің)

Теңіз_____, ұшақ_____, ауыл_____, жер_____, жеңіс_____,
тексеру_____, жұмыс_____, қағаз_____, сабақ_____, сарай_____.

үңгір _____, үзіліс _____, шөл _____, бұрыш _____, дәліз _____, алмұрт _____, жұлдыз _____, шелек _____, ұшақ _____, үстел _____, сынып _____, пойыз _____, күш _____.

№2 Сөздерге ілік септігі жалғауын жалғаңыз (дың/дің, ның/нің)

Кілем _____, шебер _____, аялдама _____, әнші _____, орман _____, көпір _____, даяшы _____, ғылым _____, оқу _____, ұйқы _____, алаң _____, ешкі _____, белбеу _____, өлең _____, пәтер _____, көшкін _____, ұры _____, арыстан _____, кездесу _____, жол _____, шырша _____, қой _____, заң _____.

№3 Тәуелденген сөздерге ілік септігі жалғауын жалғаңыз

Менің құрбым _____, біздің сыныбымыз _____, оның орындығы _____, сенің атаң _____, сіздің арманыңыз _____, оның сәресі _____, менің көзім _____, біздің мақсатымыз _____, сенің аяғың _____, сіздің суретіңіз _____, оның інісі _____, менің тісім _____ [1, 40].

№4 Қазақ тіліне аударыңыз (Ағылшынша сөйлемдерді аудару жаттығуларының көбін Голицынскийдің ағылшынша жаттығу кітабынан алып отырдық [2, 9]. Өйткені ондағы сөйлемдер қарапайым әрі аударуға ыңғайлы).

Her grandfather's notebook	
His girl's handbag	
Her little brother's home	
Arman's friend	
The girl's dress	
Anar's coat	
Dickens's novel	
Women's handbag	
Kazakhstan's future	
The children's mother	
A friend's advice	
The student's new dictionary	
The new student's dictionary	
The girl's voice	
The roof of this house	
The beautiful girl's voice	

№5 мәтінді оқып шығып, соның негізінде өзіңіз туралы айтып беріңіз (Бастапқы деңгейде осындай қарапайым әрі сөйлемі аз мәтіндер құрастырылады, сонымен қатар ішінде кейбір сөздер қарамен белгіленіп, төменде сөздік ретінде көрсетілгені абзал).

ОТБАСЫ

Менің атым – Арман. Мен 1990 жылы Қарағанды қаласында тудым. Отбасымда алты адам бар: әкем, анам, ағам, інім, екі **қарындасым** және мен. Әкемнің аты – Асқар. Анамның аты – Айнұр. Әкем – **кәсіпкер**, анам – **дәрігер**, ағам – **заңгер**. Інім – оқушы. Қарындастарым – **студенттер**. Олар **болашақ қаржыгерлер**. Менің жасым 29-да (жиырма тоғызда). Мамандығым – **экономист**.

Сөздік / vocabulary

- | | |
|--|---------------------------|
| 1. туу – to be born | 5. дәрігер – a doctor |
| 2. отбасы – a family | 6. заңгер – a lawyer |
| 3. қарындас – a little sister /note: brother's address to the younger sister | 7. оқушы – a pupil |
| 4. кәсіпкер – a businessman | 8. қаржыгер – a financier |
| | 9. мамандық – profession |

ОТБАСЫ

Менің атым – _____. Мен _____ жылы _____ қаласында тудым. Отбасымызда _____ адам бар: әкем, анам, _____ және мен. Әкемнің аты – _____. Анамның аты – _____. Әкем – _____, анам – _____, _____ . Қарындасым /сіңілім /ағам – _____. Олар **болашақ** _____. Менің жасым _____. Мамандығым – _____.

Негізгі жаттығулардан бөлек қосымша жаттығулармен де жұмыс істеуге болады. Қосымша жаттығулардың өзі біркелкі емес, тіл үйренуші жалықпас үшін түрлі қызық жаттығулар әзірленуі қажет, мысалы, белгілі бір септікке байланысты ағылшынша қанатты сөздерді қазақ тіліне аудару, қазақша қысқа сөйлемді «қызық ақпаратқа» тиісті септікті қою арқылы оқу т.б. Бұдан бөлек, қазақ тілі оқулықтары мен әдістемелік құралдарынан ең таңдаулы деген жаттығулар да таңдалып беріледі.

II Қосымша жаттығулар ретінде қызық ақпараттардан тұратын «суретті слайдтарды» ұсынар едік. Ол слайдтарда қызықты ақпараттан тұратын суретті сөйлемдегі бір сөзге ілік септігін жалғау керек болады. Мысалы:

1. *Жолбарыс...* ақырғанын 1,5 км-ден естуге болады;

Адамдар... 81%-ы күнде өтірік айтады екен;

Жер бетінде адамнан *телефон...* саны көп;

Адамдар... 90%-ы сабақ үстінде ұйқысы келеді екен, т.б.

2. Ағылшын тілді топта ең танымал қанатты сөздерді қазақ тіліне бірге аударып, сондағы ілік септігін қойдыруға болар еді деп топшылаймыз (мұны да экранда слайд түрінде көрсетіп, тіл үйренушілердің сөзбе-сөз аударғанын жазып көрсетуге болады).

In the End, we will remember not the words of our enemies, but the silence of our friends – Соңында біз жауымыз... сөзін емес, досымыз... үнсіз қалғанын есте сақтаймыз (Мартин Лютер Кинг).

The weak can never forgive. Forgiveness is the attribute of the strong – Өлсіздер ешқашан кешірмейді. Кешіре білу – мықтылар... қасиеті (Махатма Ганди).

Life is a series of choices – Өмір дегеніміз таңдаулар... тізбегі (Нострадамус),

The best way to make children good is to make them happy – Балаларды жақсы адам қылу... ең тамаша тәсілі – оларды бақытты ету (Оскар Уайлд).

When all else is lost, the future still remains – Қалған дүние... барлығын жоғалтқанда, болашақ әлі қалады (Нестел Бови) т.б.

3. Орыс тілді үйренушілер болса, қазақша-орысша ортақ сөздердің тізімін де слайд түрінде көрсетер едік. Олардың кейбірі төмендегідей: поезд – пойыз, керуен – караван, үтік – утюг, кесе – кисюшка, пиала – пиалка, сумка – сөмке, палау – плов, церковь > шіркеу, сани – шана, сот – суд, шен – чин, сумма – сома, жребий жеребе, керуует – кровать, бодан – поданный, құйрық – курдюк, байга – бәйге, шұлық – чулок.

4. Қызық тақырыптағы қысқа видео және басқа өзекті тақырыптарға негізделген материалдарды жинап, оларды көргізіп, сол турады әңгіме құру сабағамыздың бір бөлшегі.

5. Ән айту арқылы өткен сабақты бекіту. Белгілі бір септікті өткеннен кейін сол септік жалғаулары бар әнді таңдап, оны оқып, үйреніп, сосын гитара немесе домбыраның сүйемелдеуімен ән айтамыз. Тақта немесе экранда әннің сөздері көрсетіліп тұрады, тіл үйренушілер соны оқып, оқытушыға ілесіп ән айтады. Мәселен, сабақта тәуелдік жалғауын өткен болсақ «Егіз лебің» әнін айтамыз:

Шамшырақ..., күн... дейін сені,

Әнші бақ..., гүл... дейін сені.

Өзіңмен бір жұмаққа кірсем...

6. Қазақ тілін орта деңгейде білетіндермен қызықты викториналар өткізуге болар еді. Мәселен, суретті ребустерден қазақ мақал-мәтелдерін құрастыру ойынын өткіземіз:



Аз сөз – алтын,
көп сөз – көмір

Бұлақ көрсең, көзін аш

Туған жер – алтын бесік

7. «Қызық екен» викторинасын өткізіп, онда ұяшықтарды таңдап, жасырылған сұрақтарға тест түрінде жауап береміз.

8. Қазақ тіліндегі ең жиі айтылатын сөздерден слайд, күлкілі жаңа сөздер, осылардың барлығын қамти отырып, интенсивті әрі қызықты қазақ тілін өткізуге болады.

III аудио-мәтіндер негізінде сөйлесу

Өтілген грамматика тақырыбына сәйкес аудио-мәтіндер де дайындалады. Ең алдымен деңгейге сәйкес лайықталған мәтін бірнеше рет тыңдалады. Содан кейін дауыстап оқылады. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшалар қойылады. Қарамен боялған сөздер меңгеріледі. Кейін дайындалған сұрақтарға жауап беріледі. Ең соңында мәтін бойынша әңгіме жүргізіледі. Сөйтіп аудио-мәтіндер арқылы оқыту әдістемесінде тіл оқытудағы тыңдалым, оқылым және айтылым деген негізгі әдістер жүзеге асырылады.

Мәтіндеріміздің мазмұны төмендегідей:

Балық аулау үшін оңтайлы күн (барыс септігін өткендегі мәтін)

Лео жұма күні таңертең *балық... барғысы келді*. Сөйтіп сол күні *сабақ... бармай, балық... барамын деп шешті*. Ол *балық аулау құралдарын көлік... салды да көл... қарай тартты*. Көлігін тоқтатып, өз *құрылғыларын* алып шықты. Лео *жағадағы* балықшылар үйіне барды. Өйткені бүгін бұл жерде балық аулау *сайысы* өтетін еді. Сайыс шарты бойынша, ең үлкен *балық... ұстап алған адам... сыйақы ретінде* 100 доллар беріледі. Лео *бастапқы төлем ретіндегі* 5 долларын төлеп, балық аулайтын *орын... отырды*. Содан кейін *жем... күршек... іліп, қармақты алыс жақ... лақтырды. Қармақ... ұстағыш... қойып, рахаттана отырды*. Желсіз күн болғандықтан, көл тып-тыныш, керемет боп тұрды. Алыста *желкенді қайық* көрінді. Ал аспанда *қыран* құс қалықтап ұшты.

«Бір нәрсе *аулай алдыңыз ба?*» - деп сұрады бір ер адам. Оның дауысы *таныс боп көрінді*. Лео жалт қарады:

«Вильсон мырзааа! Мұнда не істеп жүрсіз!?» - деді **сасқанынан**. Вильсон мырза ол оқитын мектептің басшысы болатын.

«Бұл сұрақ... мен де сіз... қойғым келеді!» - деді Вильсон **саспастан**.

Вокабуляр

Барғысы келді – хотел пойти	Бастапқы төлем ретінде – в качестве взноса
Шешті – решил	Күршек – кручок
Балық аулау құралдары – рыболовные снасти	Жемді – наживку
Көлге қарай тартты – поехал на озеро	Желкенді қайық – парусная лодка
Құрылғылар – устройства	Қыран – ястреб
Жаға – берег	Аулай алдыңыз ба? – поймали?
Сайыс – турнир	Таныс боп көрінді – показался
Сыйақы ретінде – в качестве вознаграждения	знакомым
	Сасқанынан – от волнения
	Саспастан – спокойно

Сырым батырдың тапқырлығы (шығыс септігі)

Сырым батыр ауыл... шығып, Хиуа хандығына барады. Бір күні тойда **мақтанып** отырған Хиуа ханы Сырымға:

– «Қазақта ас-мас, ет-мет, жігіт-мігіт деген сөздер көп, солардың **мәні не?**», - деп сұрайды.

– «Сұрағыңызға той... кейін **жауап берейін**», - дейді Сырым батыр.

Тойда Сырым шешеннің аты **бәйге...** бірінші келеді. Жолдасы **палуан күресі...** бәрін жықты.

Тойдың ойын-қызығы бітіп, **жұрт тарқар алдында** Сырым шешен ханның **бағанағы сұрағына** былай деп жауап береді:

– «Бізде **той жасағанда** жұртқа қой сойылып, құйрық беріледі. Жылқы асылып, қазы тартылады. **Сусын ретінде** қымыз беріледі. Соны «ас» дейді. Ал мынандай кішкентай **табаққа** салып берген **шөп-шалам** мен көк шайды «мас» дейді. **Ат жарысы...** озып келген **жүйрікті** «ат» дейді, **оза алмай, басқалар... артта қалған** атты «мат» дейді. Халық алдында күресіп, жеңген ерді «жігіт» дейді. Ал жеңілген еркекті «мігіт» дейді.

Қазақтың «ас-мас», «ат-мат», «жігіт-мігіт» дейтін сөздерінің мағынасы осы, хан», - депті.

ВОКАБУЛЯР

Тапқырлық – находчивость	Бағанағы сұрақ – недавний вопрос
Мақтану – хвастаться	Сусын ретінде – в качестве напитка
Мәні қандай? – какое значение?	Табак – тарелка
Жауап беру – отвечать	Шөп-салам – трава, зелень
Бәйге/ат жарысы – скачки	Жүйрік – скакун
Палуан күресі – борьба	Оза алмау – не опередить
Жұрт тарқар алдында – когда народ начал расходиться	Артта қалған – позади оставшиеся
Той жасау – проводить той	

Орта деңгейіндегі топтарға немесе жеке үйренушілерге қазақы әзіл әңгімелерді де ұсынуға болады.

КІСІ БАСЫ БІР УЫС ТҰЗ (Каждый по одному горсть соли)

Бір үйге қонақ келіпті. **Бәйбіше** қазан көтеріп, ет салыпты. Әлгі үйдің адамдары **құмырсқадай қыбырлап**, бірі кіріп, бірі шығып жатады. Қонақ қағылған қазықтай қадалып, **тапжылмастан отыра берді**. Қазан **қайнаған кезде** бәйбіше келіп, қазанға **бір уыс тұз** салып, далаға шығып кетеді. Одан кейін тоқал келіп, бір уыс тұз салып кетеді. **Артынша** келіні келіп, қазанның қақпағын ашып көреді де, **көбігін** алып тастап, бір уыс тұз салады. Ол да шығып кетеді. Ең соңында осы үйдің қызы келіп, қазанның **қақпағын** ашып, қайнап жатқан етті **араластырады** да, бір уыс тұз салып, шығып кетеді.

Қонақ бұлардың бәрін көріп, **байқап отырады** да, **үй иелері** шығып кеткен кезде ол да орнынан тұрып барып, бір уыс тұз салады. Үй адамдары жиналып, **асты** түсіріп, алдыға ала бергенде бәйбіше тамақтың тұзын **татып көрсе**, **удай ащы** екен.

– Ойбай-ау, мынаған не болған? Тұзы удай ғой! Мен бір-ақ уыс тұз салып ем.

– Сіз салмаған **шығар** деп, мен де бір уыс тұз салғам, - дейді тоқал. Келіні айтады:

– Сіздер ұмытып кеткен шығар деп, мен де бір уыс тұз салып ем.

– Сендер **абыр-сабыр боп жүрген** соң, **тұзы татысын** деп мен бір уыс салып ем, - дейді қыз. Сонда қонақ:

– Бұл үйдің қазанға кісі басы бір уыс тұз салатын **салты** шығар деп, мен де бір уыс тұз салып ем, - дейді.

ВОКАБУЛЯР

Бәйбіше – жена (первая жена)	Араластыру – помешивать
Ет салу – варить мясо	Байқап отыру – наблюдать
Әлгі – тот	Үй иелері – хозяйева
Құмырскадай қыбырлау – копать как муравей	Ас – еда
Тапжылмастан отыру – сидеть неподвижно	Татып көру – пробовать на вкус
Қайнаған кезде – при кипении	Удай ашы – горький как яд (слишком горький)
Бір уыс тұз – одна горсть соли	Шығар – наверно
Артынша – затем	Абыр-сабыр болып жүру – засуетиться; забегаться
Көбік – накипь (на мясном бульоне)	Тұзы татысын – в меру солить
Қақпақ – крышка	Салт – обычай

Мәтінге қатысты бірнеше сұрақ қойып, жауап алғаннан кейін, кейбір қиын грамматикалық қолданыстарды түсіндіріп кетеміз. Мысалы:

Келіпті – бұл форманы оқиғаны айтушы айтып беруші қолданады. Көзбен көрмеген, бірақ біреуден естіген оқиғаларды, әңгімелерді айтқан кезде «-іпті» тұлғасы пайдаланылады. Келіпті тұлғасы келген екен тіркесімен бірдей. **Ет салыпты** – ет салған екен.

Шығып жатады – осы шақ. Әрекеттің осы уақытта/дәл сол мезетте орындалып жатқанын білдіреді. Сонымен қатар, жалпы заман үшін қолданылады. Етістік түбіріне -ады/-еді/-йды/-йді жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Шығып кетеді, тұз салып кетеді, тұз салады, араластырады, байқап отырады, айтады.

Қайнаған кезде – қашан деген сұрақ қойылғанда етістік түбіріне «-ған кезде/-кен кезде» немесе «-ған-да/-ген-де» тұлғалары жалғанып айтылады: қайнаған кезде – қайна-ғанда; шығып кет-кен кезде - шығып кет-кенде; алабер-ген кезде – ала бер-генде. Етістік болмаса, бүгін, ертең, кеше, бүрсігүні, ертесігүні, былтыр және тб. үстеу (наречие) қолданылады.

Салым ем – Аз уақыт немесе біраз уақыт бұрын істелген әрекетті еске алғанда «-еді» тұлғасы қолданылады. Салып еп тұлғасы салып едімнен өзгертілді: салып едім ≥ салып ем ≥ салғам.

Интенсивті қазақ тілі курсына сәйкес бір сабақта грамматика оқылып, жаттығулар жасалады. Келесі сабақта аудио-мәтінмен жұмыс жүргізіледі. Бір күн грамматика, бір күн мәтін бойынша сөйлесу кезек-кезегімен өткізіледі.

Академиялық мәтіндердің өзі күрделі, алайда біз оларды жоғарыдағыдай ықшамдап, А2 деңгейіне лайықтап, қарапайым формаға саламыз (200-300 сөз). Мәтінге сөздік және аудио қоса беріледі. Жеке үйренушінің жұмыстары көп

болып, сабаққа келе алмай қалған жағдайлардың өзінде тіл оқыту үзілмейді. Топиктер дайындалып, аудиолар жазылып, тіл үйренушіге үзілмей жіберіліп отырады. Тіл үйреніп жүрген тұлға оны кез-келген уақытта тыңдап, оқи береді, яғни қашықтан оқыту технологиясы да пайдаланылатын болады.

Сабақ уақытында, кездескен кезде мәтіннің мазмұны сұралады, топик бойынша дайындалған сұрақтар қойылады. Тіл үйренушінің сөйлеуі барысында қателер анықталған жағдайда қатемен жұмыстар жасалады. Ол төл дыбыстарды айту қателігі немесе септіктерді қолданудағы шатастыру да болуы мүмкін. Өз кезегінде тіл үйренуші мәтін бойынша түсінбеген жерлерін сұрайды. Қиындық туғызған сөз тіркестері мен сөйлемдер, грамматикалық тұлғалар оқытушы тарапынан түсіндіріледі.

Қорытынды. Сонымен, біздің сабағымызда негізінен аудио-мәтіндермен жұмыс істеуге назар аударылады. Мәтіндермен оқыту барысында тіл оқытудағы негізгі міндеттерді де қамтып кетеміз. Атап айтсақ, мәтінді оқу – **оқылым**; мәтін аудиосын тыңдау – **тыңдалым**; мәтінді мазмұндау – **айтылым**. **Жазылым** тапсырмалары болса, жаттығулар бөлімінде меңгеріледі. Қосымша тапсырмалар болса, тіл үйренушінің сұранысы негізінде әзірленетін болады. Біз жоғарыда көрсеткен кейбір қызық тапсырмалар сол сұраныстар негізінде әзірленген болатын. Мәтіннің өзі, негізінен тіл үйренушінің саласы бойынша құрылған еді. Сонымен қатар, түрлі қызық тақырыптардағы мәтіндер жасалды. Сайып келгенде, біздің методика бойынша ең алдымен академиялық мәтіндермен жұмыс жасалады, тіл үйренушінің өзінің саласы бойынша интенсивті оқытылады, негізгі грамматикаларды меңгерте отырып, грамматиканы дұрыс қолдану үйретіледі және негізгі лексикалық қор қалыптастырылады, сөйлемдерді оңай құру қабілеті қалыптасады, тіл үйренуші мәтіндегі сөздер, сөз тіркестері және сөйлемдерді есте сақтап (бірнеше рет тыңдау, оқу, өзара әңгімелесу арқылы), оларды өз диалогтарында пайдалануға мүмкіндік туады, сала бойынша мәтіндерді оқып, тыңдап, кейін оларды тәжірибе жүзінде іске асырады және т.б.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Валяева Т. Грамматика казахского языка. Просто о сложном. – Алматы, 2019. – 238 с.
2. Голицинский Юрий Борисович. Грамматика: Сборник упражнений. – СПб.: КАРО, 2018. – 576 с.
3. Сыздықов М.Ж., Нұғалиев Т.Н., Жақанова Ж.Р. Қазақ тілі. Мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу құралы, I қарапайым деңгей. – Қарағанды: Қарағанды облыстық тілдерді оқыту орталығы, 2011. – 222 бет.

4. Жаханова Ж.Р., Жұмагелдина Д.М., Игенова А.А. Қазақ тілі, А2 Базалық деңгей. – Астана: 2017. – 148 бет.
5. Күзекова З.С., Аяпова Т.Т., Оразбаева Ф.Ш., Мамаева М.Қ. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2017. – 40 бет.
6. Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі. Бастапқы деңгей (А1). Оқу құралы. – Астана: 2018. – 122 бет.
7. Күзекова З., Масақова Г. Қазақ тілі. Оқу құралы. Базалық деңгей. – Астана: 2018. – 224 б.
8. Қазақ тілі. Оқу құралы А2. – Астана: Тілдарын орталығы, 2013. – 281 б.
9. Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. – Алматы: Атамұра, 2004. – 719 с.
10. Тасибеков К. Ситуативный казахский I. Мир казахов. Алматы: 2018. – 264 с.
11. Досмамбетова А.К., Балабеков А.К. Қазақ тілі. Базалық деңгей: оқулық. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. – 210 б.

Адилев М.Е.

PhD доктор, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Тюркологический центр имени Немата Келимбетова, Алматы

Некоторые методики используемые нами на курсах казахского языка

Аннотация. В последние годы расширяется сфера применения казахского языка, резко увеличивается число обучающихся. Увеличение количества обучающихся языка привело к увеличению и повышению качества курсов. Развитие новых технологий, наличие требований к языковедам, стремление к эффективному использованию времени, поиск ими интересных занятий, и по другим причинам ответственность за проведение языковых курсов несет и нам. Это означает, что наряду с предыдущими классическими методами возникает необходимость создания новых современных методик, изменений в преподавании языка. В данной статье мы говорим о своем небольшом опыте преподавания казахского языка. Мы поделились некоторыми методами изучения языка. На занятии мы акцентировали внимание на практике и показали образцы наших практических занятий.

Ключевые слова: казахский язык, обучения казахскому языку, новые методики, практическая работа, текст, упражнения.

Adilov M.E.

PhD, Chief researcher of Nemat Kelimbetov Turkological center
Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty

Some of the methods we use in Kazakh language courses

Abstract. In recent years, the scope of application of the Kazakh language has expanded, and the number of students has increased dramatically. The increase in the number of language learners has led to an increase and improvement in the quality of courses. The development of new technologies, the presence of requirements for linguists, the desire to use time effectively, the search for interesting activities, and for other reasons, we are responsible for conducting language courses. This means that along with the previous classical methods, there is a need to create new modern methods, changes in language teaching. In this article, we talk about our small experience of teaching the Kazakh language. We shared some methods of learning the language. During the lesson, we focused on practice and showed samples of our practical classes.

Keywords: Kazakh language, teaching the Kazakh language, new methods, practical work, text, exercises.